**2023-2024 оқу жылындағы біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру бойынша тәрбие жұмысы**




Тәрбие жұмысы біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде жүзеге асырылыды. Бағдарлама жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде адал азаматты тәрбиелеуді көздейді. Барлық тәрбие жұмысының мазмұнында ұлттық мүдде, ар - ұят, алғыс айту, ілтипат, талап сияқты құндылықтар көрініс табуы қажет.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»** – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:** Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

- Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
- Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
- Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар - ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

**Күтілетін нәтиже:**

Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзінеберік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

Мектептегі тәрбие жұмысы мектеп міндеттері және алға қойған мақсаттарына сәйкес жүзеге асты.

**«ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ» құндылығы.** 1 қыркүйек – білім күні «Мектеп – мейірім мекені» тақырыбында жиын ұйымдастырылды. «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық», «Менің сүйікті мектебім», «Менің

алғашқы ұстазым» тақырыптары бойынша сынып сағаттары әр сыныпта өткізілді.

«Мектепке жол» жалпы республикалық қамқорлық акциясы бойынша 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында жүргізілді. Акция барысында көп балалы, аз қамтылған отбасы балалары бекітілген аудан мекемелері басшыларының көмегімен барлығы 10 баланы «Мектепке жол» акциясы бойынша мектепке қажетті киімдер және оқу құралдарымен қамтамасыз етті. Олар: Шамшархан -20, Мирас -20,Бүркітәлі -15, Анель,Адиль -50, Мансур -20, Серікбаева, Қайрат Ернур-112000 теңге көлемінде көмек көрсетті. Жалпы 280 мың теңгені құрайды. Мектеп ұжымы 8- сынып оқушысы Досанов Темірланды 24500 теңгеге мектепке қажетті киімдерді алып берді. Жалпы оқумен қамту қорынан аз қамтылған, көп балалы отбасыларының 1-сыныпта оқитын балаларына мектепке қажетті сөмке берілді. Мектепте осы оқу жылында жалпы 1-11 сыныптар аралығында всеобуч бойынша 46 бала мектепке жол акциясы бойынша 40500 теңге көлемінде жалпы оқумен қамту орталығынан ақшалай алды.

https://www.instagram.com/reel/CwpxCD-IhTR/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== «Мектеп – мейірбандық мекені» *(«Өзіңе және өзгеге жақсылық жаса» жобасы)* аясында мектебіміздің еріктілер қозғалысы карттарға көмек көрсетті. https://www.instagram.com/reel/CwpbK94IKjV/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== Жасөспірімдер өз белсенділігін көрсетіп қана коймай, карттарға көмек беру арқылы өмірлік маңызды дағдыларды дамытып, әлемді жаңа қырынан тануға мүмкіндік алады. https://www.instagram.com/reel/Cwpwru3IvVU/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==«Жігер жанған кездесу» ерлік сабағын алғашқы әскери пәнінің мұғалімі Бейсеков А.К. өткізді. Оқушылардың бойындағы патриоттық сезімдерін жоғарлату бүгінгі күннің басты мәселесі. «Ұлы даланың – ұлтаралық тілі» https://www.instagram.com/reel/CwzgTL-of8O/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== Қазақстан халықтарының тілдер мерекесіна арналған онкүндік өткізілді. "Ана тілім - айбыным" атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. https://www.instagram.com/p/Cw4nFdVorTB/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==“Тіл- асыл қазына” тақырыбына үш тілде әзірленген видеоролик түсірілді. Тілім менің - тірлігімнің айғағы” атты тіл туралы өлең оқу челленджі ұйымдастырылды. https://www.instagram.com/p/Cw7pOsOoX2F/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== Қазақстан халықтарының тілдер мерекесі аясында “Ахмет Байтұрсыновтың тағылымы” атты әдеби кеш 9-11 сынып оқушылары арасында ұйымдастырылды. "Тіл тағдыры-ел тағдыры" тақырыбында тәрбие сағаты өтті. https://www.instagram.com/p/CxU9TmAIf6S/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== Оқушылар тіл туралы ұлы адамдар нақыл сөзі туралы слайд қарап, мемлекеттік тіл мәртебесін жоғарлату бүгінгі күннің талабы ғана емес ел болашағы екендігі жайында ой қорытты. https://www.instagram.com/reel/CxIUcnXIHPS/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== “Жас полиглот” интеллектуалдық ойыны үш тілде өткізілді. Сынып жетекшілер тірдер мерекесіне үлкен жауапкершілікпен ат салысты. «Терроризм – ғасыр дерті» сынып сағаты 5-6 сыныптар аралығында өткізілді. Терроризм туралы оқушыларға түсінік берілді. https://www.instagram.com/reel/C14cxkmIek8/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== «Террорлық әрекеттің белең алуы неліктен?» деген тақырыпқа пікірталас

ұйымдастырылды. «Қожа Ахмет Ясауидің хәл хикмет ілімі» Қожа Ахмет Ясауидің 930 жылдығына арналған сынып сағатын Келденова 11-сынып оқушылары арасында өткізілді. https://www.instagram.com/p/CxU8ZVMIBVn/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== Қожа Ахмет Ясауидің өмірі мен қызметі. Қожа Ахмет Ясауидің хал хикмет ілімі. Даналық хикметтері мен олардың қазіргі қоғамдағы орны мен ерекшеліктері туралы мәліметтер берілді.

Дублер күні. https://www.instagram.com/reel/CyAyLEPIiwQ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== «Ұстаз – мектептің жүрегі» тақырыбында 9-11 сынып оқушылары ұйымдастырды. Ұстаздарға арналған концерттік бағдарлама. Өзін-өзі басқару ұйымы 1-9 сынып оқушыларына арналған сабақ кестесін жасап, сабақтар берді. https://www.instagram.com/reel/CxsSjjGoIFy/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== «Ұлы даланың перзентімін» тақырыбында 5-9 сынып оқушылары арасында, «Ұлы даланың тарихи тұлғалары» тақырыбында 9-сынып оқушылары арасында ұйымдастырылды. Оқушыларға қазақ халқының тәуелсіздік алғанға дейінгі басынан өткізген қиыншылықтары туралы айтылды. Бейнежазба көрсетілді. Қазақ елінің тарихи тұлғаларына тоқталды. 7-сыныптарда «Ұлы Даланың перзентімін» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Оқушылар «Мен- Ұлы Даланың перзентімін» тақырыбында эссе жазды. Мақсаты: Оқушылардың туған жеріне, еліне, деген сүйіспеншіліктерін артыру. Болашаққа деген сенімі, ой - өрісің дамыту.

25 қазан республика күніне орай жоспарға сай онкүндік өткізілді. «Мәңгілік жаса, қыран елім Қазақстаным» тақырыбында сынып сағаты 1-11 сыныптар аралығында өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға өз Отанын, елін сүюге, қазақ екенін, Қазақстанда тұратынын мақтаныш етуге, туған халқынын тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін қастерлейтін саналы да, парасатты азаматтар тәрбиелеу. 17 қазан күні Республика күніне орай мәдениет үйімен бірлесе отырып 9-11 сынып оқушыларына “Ұлы дала зары” атты тарихи фильм көрсетілді. https://www.instagram.com/reel/CygQj0eosbG/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== Бастауыш сыныптар арасында «Бақытты отбасы - берекелі ел» https://www.instagram.com/reel/CyqOwRJIGgj/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== атты отбасылық эстафеталық сайыс өткізілді. Сайысқа «Бірлік» тобы Турмагамбетовтар отбасы, «Гүлім-ай» тобы Абильжановтар отбасы, «Қыран» тобы Қошановтар отбасы, «Болашақ» тобы Алимкуловтар отбасы, «Тұлпар» тобы Көшековтар отбасы, «Шымырлар» тобы Асылбековтер отбасы, «Бірлік» тобы Нуржановтар отбасы қатысты. Ата-аналарға әр түрлі спорттық ойындармен бірге Отанға байланысты мақал-мәтелдердің жалғастарын тапты. 25 қазан Республика күніне орай 5-8 сыныптардың отбасылар арасындағы https://www.instagram.com/reel/CyvZNv8oRHy/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== "Үлгілі отбасы- қазағымның айнасы" атты интеллектуалды ойын өтті. https://www.instagram.com/reel/CyuwBtnoxUe/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== «Әнұран айту» челленджіне 5-11 сынып оқушылары қатысты. «Рәміздер – елдігімнің белгісі» 1-2 сыныптар аралығында өткізілді. Оқушылар рәміздер туралы тақпақтар айтты. Рәміздердің шығу тарихы туралы білімдерін толықтырды.

«Ұланымын ұлы елдің» 5-9 сынып оқушылары арасында сынып сағаттары өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға өз елі туралы мағлұмат бере отырып, өз елінің тарихына үңіле отырып, тани білетін азамат етіп тәрбиелеу. Сөздік қорларын арттыра отырып, бірлесіп жұмыс жасай білу дағдыларын жетілдіру. Еліне, жеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру, елім деген азамат тәрбиелеу. Оқушылар өз елінің көптеген жерлеріне шолу жасады. Өз ойларымен бөлісті. Туған жер туралы тақпақтар айтып, мақал-мәтелдер жарысы ұйымдастырылды. «Ланкестіктің қоғамға қауіпсіздігі» тақырыбында сынып сағаты 10-сынып оқушылары арасында Дюсембекова А.К. өткізді. Қазіргі кезеңде әлемде кең етек алып отырған бұл індетті материалдық қана емес, рухани мешеуліктің, адамдар бойындағы гуманистік сезімдердің тұрпайылануының салдары деп ұғынған жөн. Бірақ, ең бастысы – терроризм, экстремизм сияқты қауіп-қатерге төтеп беріп, тиімді қарсы тұрудың ең басты шарты – ол қоғам мен биліктің өзара келісімі, ұлттық бірлік екендігі түсіндірілді. https://www.instagram.com/p/C0RKUZNIEX3/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== «Жас Сарбаз» әскери патриоттық сайысы 10-11 сынып оқушылары арасында өткізілді. Жас сарбаздар әскери өмірдің бір күнін көзбен көріп, бастан өткерді, алған білімдерін дәлелдей білді. Бұл ойын жастардың бойында бір сәтке болсын әскерге тән сабырлық, тәртіпке бағыну секілді ұғымдарды қалыптастырды. Бұл әскери ойынның мақсаты – өскелең ұрпақтың бойында патриоттық сезім мен адамгершілік қасиеттерді, азаматтық белсенділікті арттырып, Отан алдындағы борышқа жауапкершілікпен қарауға бағыттайды. «Өнегелі өмір» сынып сағаттары 10-11 сынып оқушылары арасында өткізілді. Оқушылар https://www.instagram.com/reel/Cz5C10YIATP/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== Қазақстанның атақты адамдарының өмірімен танысып, олардың салған жолымен жүру керек екендігіне талдау жасады. Өздері білетін атақты адамдар туралы ойларымен бөлісті. Олардың еліне жасаған үлесі туралы ой бөлісті. «Біздің тату отбасы» 1-4 сынып оқушылары арасында сынып сағаттары өткізілді. Оқушылар өз отбасы туралы арнайы жасаған презентацияларын қорғады. Отбасына байланысты мақал-мәтелдердің бөліктерін «Киндр» әдісі арқылы сәйкестендірді. Отбасына байланысты жұмтақтарды шешті. Арнайы жаттаған тақпақтарын мәнерлеп оқыды. https://www.instagram.com/reel/CzlY6WyInOc/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== «Жемқорлықсыз болашақ» тақырыбында 1-4 сынып оқушылары арасында көрме ұйымдастырылды. Сыбайлас-жемқорлық" деген ұғымды түсініп, одан аулақ болу керек екендігін ұғынды. Өз көзқарастарын білдіріп, ойларын ораға сала білді. Суреттер арқылы Қазақстанның болашағы туралы өз ойларын жеткізе білді. «Достықтың тұғыры - бейбітшілікте» тақырыбында 10-11 сынып оқушылары арасында сынып сағаты өткізілді. Оқушылар Қазақстанда тұратын 130-дан астам халықтың достығы туралы айтып өтті. Өздері тұратын жердегі басқа ұлт өкілдерінің мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне тоқталды. Достыққа байланысты мақал-мәтелдер сайысында өздерінің білімдерін көрсете білді. «Жемқорлық – ғасыр дерті» тақырыбында 5-11 сынып оқушылары арасында сынып сағаттары өткізілді. https://www.instagram.com/p/C14XWayoZu4/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің бүгінгі таңда өзекті мәселе екендіні туралы ой қозғады.  Сыбайлас жемқорлықпен күресте, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылатыны айтылды. Оқушылар да өз ойларын ортаға сала білді. «Отбасы – тәрбие көзі» тақырыбында 6-7 сынып оқушылары арасында сынып сағаттары ұйымдастырылды. Ұлы педагог Сухомлинский: «Отбасы-барлығының басы, жан-жақты дамуының негізі болатын тәрбие институты. Отбасындағы ата-ана мен баланың қарым –қатынас нәтижесінде, адамгершілік, эстетикалық, дене тәрбиесінің алғашқы үлгісі қалыптасады. Ал, әке мен шеше, ата мен әже, апа мен ағалар баланың алғашқы тәрбиешілері»- деп бағалаған. Барлық өнеге отбасынан тарайды. Бала-ата-ананың игі істерін жалғастырушы болашағы. Бала тәрбиесі-ата-ана үшін күрделі де жауапты міндет екендігі түсіндірілді. Отбасына байланысты бейнежазба көрсетіліп, оқушыларға сұрақтар қойылды. Әр оқушы өз отбасы туралы қысқаша баяндама жасады. Отбасына байланысты жұмбақтар шешті. «Өнегелі отбасы» тақырыбында 5-8 сынып оқушылары арасында ата-аналарымен бірге байқау ұйымдастырылды. https://www.instagram.com/p/CzlGEY4Ixpl/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== Әр отбасынан шыққан ата-аналар өздерін таныстырды. Балаларының хоббиі туралы айтты. 10-30-ға дейін берілген сандарды таңдап, сұрақтарға жауап берді. Өз отбасымен үйге берілген тапсырманы қорғады. Өз өнерлерін көрсетті. Ата-аналарға арнайы дайындалған сыйлықтар табыс етілді. Жасөспірімдер арасында ақша жинауды болдырмау мақсатында 5-11 сынып оқушылары арасында сауалнама алынды. Сауалнама қорытындысы бойынша мектепте ақша жинау жоқ екендігі анықталды.

«Мен елімнің ұланымын» 10-11 сынып оқушылары арасында жас сарбаздар клубының мүшелерінің арасында  алғашқы әскери пәнінің мұғалімі Бейсеков А.Қ. өткізді.  Оқушыларға сарбаздар, Отан қорғаушылар жайында әңгімелеп беру. Дүниетанымдарын кеңейту. Ізденімпаздыққа, шығармашылықпен жұмыстануға баулу. Әр оқушының жетістігін көре білу, өнерлі, ақылды, білімді, ұйымшыл болуға баулу. Сайыс кезеңдері: 1.Мен атамның жалғасымын... (Таныстыру) 2. Күш - білімде... (Сұрақтар) 3. Қазақ халқының тарихында қандай хандар өткен? 4. Атақты билерді ата. 5. Жігіттің жұрты нешеу? 5. Ата. Тыйым сөздерді айтып көр. 6. Ұлттық ойындарды ата. 7. Туған жер, Отан туралы мақал - мәтелдер айт. 8.  Отан туралы өлең айтып бер. Оқушылар жарысқа белсенді қатысты. Өздерін жан-жақты көрсете білді. https://www.instagram.com/p/C2ZnZHhosJm/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== «Мамандық таңдаудың сыры неде?» тақырыбында пікірталас 7-8 сынып оқушылары арасында Кантарбаева А.С. ұйымдастырды. Баласының терең білім алуына жағдайын туғызып, адами құндылықтарды сақтай отырып еңбекқорлыққа, табандылыққа тәрбиелеу. Сонымен қатар баланың жанұяда, мектепте көшбасшылық қабілеттерін дамытып, тез тіл табыса алатын, ашық мінезді, өзіне сенімді жеке тұлғаны қалыптастыру. Қазірден бастап бала өз болашақ мамандығын таңдап, осы мамандығына сәйкес қажетті пәндерді терең меңгеру керектігі

туралы өз ойларын айтты. Қазіргі таңдағы мамандықтардың ішіндегі сұранысқа ие мамандықтарға да тоқталды. https://www.instagram.com/reel/C14cxkmIek8/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== «Терроризм және оның зардаптары» тақырыбындағы сынып сағаты 1-4 сынып оқушылары арасында өтті. Қоғам арасында алауыздықты тудырып, тыныштықты бұзады. https://www.instagram.com/p/C11mqOtojbt/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== Терроризмнің мақсаты — мемлекеттердің, халықтардың рационалды түрде ойлауларына, бейбітшілік пен тыныштықта өмір сүрулеріне кедергі жасау. Терроризм — ұйымдасқан топ деген мақсатына жету үшін дүрсін — дүрсін күш қолдану арқылы көрініс табатын әдіс екендігі туралы толық мәліметтер берілді.

«Ұлы даланың, ұлы есімдері» тақырыбында презентация жасалды. Қазақтың ұлы тұлғаларының портреттері, нақыл сөздері ілініп, қазақ халқымыз үшін сіңірген еңбегі баяндалды. Сынып оқушылары қазақтың бес арысы, үш бәйтерегі туралы, қазақ халқының көкірегі ояу, көзі ашық болуын қалап, жан қиярлық тер төккен, жазықсыз қамауға алынып, репрессияға ұшыраған ұлы тұлғалар туралы танып, білді. «Терроризмге жол жоқ!» тақырыбында суреттер сайысы https://www.instagram.com/p/Cz8ZwpEI_fZ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== 2-4 сынып оқушылары арасында өткізілді. Суреттер сайысына оқушылар белсенді қатысты. Өз ойларын ортаға салды. Ерекше көзге түскен 2-сынып оқушысы Рамазан А. 1 орын, 4-сынып оқушысы Адильшинова А. 2-орын, 3-сынып оқушысы Шымыр А. 3-орынды иеленді. «Мамандықтыр әлемі» сынып сағаты 1-11 сынып оқушылары арасында сынып жетекшілер өткізді. https://www.instagram.com/p/C14CtEblyIK/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== Әлемде 50 мыңға жуық мамандық бар екен және жыл сайын оған 500 - ге тарта жаңа түрі қосылып отырады екен. Олардың ішінен өзімізге қажеттісін қалай таңдауға болады? Біз олардың қаншасы туралы білеміз? Мамандық таңдауда нені бағдар ретінде алуға болады? «Мектеп бітіргеннен кейін кім боласың?» деген сұрақтарға мектеп оқушыларының көбісі нақты жауап бере алмайды. Шындығына келгенде мамандық таңдау мәселесі әсіресе біздің қоғамымыз нарықтық қатынасқа көшіп отырған жағдайда өте күрделі мәселе. Көптеген жоғары сынып оқушылары өздерінің іскерліктері мен қабілеттерін дұрыс тани алмай, мамандық таңдауда көптеген кедергілерге ұшырайды. 9 - 11 класс оқушыларының алдында тұрған басты мәселе - болашақ мамандығын таңдау. Ал мамандықты дұрыс таңдау - ол өмір жолының сәттілігінің негізі. Оқушыларға мамандық түрлері бойынша толық мәліметтер берілді. https://www.instagram.com/p/Czc1O3wocfV/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== «Елімнің тарихи тұлғалары» тақырыбында сынып сағаттары 5-6 сынып оқушылары арасында өткізілді. Оқушыларға тарихи тұлғалар туралы презентациялар көрсетілді. Әр тұлғаның тарихта алатын орны туралы мәліметтер берілді. «Заң және заман» сынып сағаттары 10-11 сынып аралығында Келденова А.Р. және Дюсембекова А.К. ұйымдастырды. https://www.instagram.com/p/C3UNXDcINNa/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== Оқушыларға заң туралы түсіндірме жұмысы жүргізілді. Жағдаяттық сұрақтар қойылды. «Сұрақтар викторинасы» арқылы сәйкестендіру тесті жүргізілді. «Мемелекеттік рәміздер – ел мақтанышы» 7-8 сынып оқушылары арасында өткізілді. Мемлекеттік рәміздер - халқымыздың рухын, ұлттық салт -

санасын, қаһармандығы мен даналығын, болашаққа үмітін, арман - тілегін жеткізетін ерекше құнды белгілер екендігі туралы айтылды. Оқушыларға мемлекеттік рәміздер туралы толық мәліметтер берілді. «Біз терроризмсіз әлемді қолдаймыз!» суреттер сайысы 7-11 сынып оқушылары арасында өткізілді. Оқушылар өз ойларын қағаз бетіне түсіре білді. Ерекше көзге түскен 10-сынып оқушысы Жақып Абылай 1-орын. 9-сынып оқушысы Шымыр Азамат 2-орын. 8-сынып оқушысы Карина 3-орынды иеленді. «Құқық өмір айнасы» 2-5 сыныптар арасында суреттер көрмесі ұйымдастырылды. Оқушылар өздерінің ең жақсы деген суреттерін көрмеге ілді. https://www.instagram.com/reel/C39b3Fjo6hM/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== «Алғыс айту парызымыз» тақырыбында сынып сағаттары 1-11 сынып оқушылары арасында өткізілді. https://www.instagram.com/reel/C37XUuOor2S/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== Оқушылар ұстаздарға деген алғыстарын білдірді. Сонымен қатар, әр сынып бір-біріне алғыс айту челленжін жолдады. 8 наурыз мерекесі де жоспарға сәйкес жүргізілді. 1-8 сыныптарда тәрбие сағаттары өткізілді. Ұлдар қыздарға арнаған сыйлықтары мен концерттік бағдарламасын ұсынды. 9-11 сыныптың ұлдары ұстаздарға арнайы концерттік бағдарлама дайындады. КВН қойып, ойындар өткізді.

«Ауғанстан ардагерлеріне тағзым!» эстафеталық жарыстар 1-4 сынып оқушылары арасында Абилжанов Ж.Ж., Рамазанов Р.Р. өткізді. «Мен болашақ Отан қорғаушымын!» суреттер байқауы 1-4 сынып оқушылары арасында көркем еңбек пәнінің мұғалімдері ұйымдастырды. «Ауған соғысы: https://www.instagram.com/p/C2T8BEbI5dM/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== Отқа оранған он жыл» тақырыбында дөңгелек үстелді 10-11 сынып оқушыларымен тарих пәнінің мұғалімі Келденова А.Р. және алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі Бейсеков А.К. ұйымдастырылды.

https://www.instagram.com/reel/C14cxkmIek8/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== «Жақсылыққа жарқын жол!» акциясын мектептің аға тәлімгері және еріктілер клубының мүшелері өткізді. Жалғыз басты қарттарға көмек көрсетті. Аулаларын қардан тазартты. Дүкеннен керекті заттарын алып келіп берді. Қарттардың алғысына бөленді. «Тәрбие – отбасынан басталады» сынып сағаттары 1-4 сынып оқушылары арасында өткізілді. Оқушылар отбасы туралы тақпақтар айтты. Отбасына байланысты мақал-мәтелдерді «Киндер» әдісі арқылы сәйкестендірді. Өз отбасы туралы шағын эссе жазды. «Ел рәміздері – еркіндіктің нышаны» 9-сынып оқушылары арасында Абылкаримова М.М. өткізді. Оқушыларға рәміздер туралы мәліметтер берілді. Рәміздер туралы «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы сұрақтарға жауап берді. Рәміздер туралы тест жүргізілді. 22 наурыз мерекесі жоспарға сай жүргізілді. Шағын орталық тәрбиешілері ата-аналар арасында сайыс жүргізді. Қазақтың ұлттық салт – дәстүрлерінен көрініс көрсетті. Мектеп алды даярлық топтарының да ата-аналары қазақтың ұлттық тағамдарымен таныстырды. Оқушылар наурыз мерекесіне арналған тақпақтарын айтып, би биледі. 1-11 сынып оқушылары ауылдарға бөлініп, өз ауылдарының атымен, шығу тарихымен таныстырды. https://www.instagram.com/reel/C4tIrlioBt0/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
1-4 сынып оқушылары ән айтып би билесе, 5-7 сынып оқушылары өздерінің қолөнерлерін қалай жасағанымен таныстырды.

https://www.instagram.com/reel/C4tKBvdID2M/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== 8-11 сынып оқушылары салт-дәстүрге байланысты көріністер қойды. Әр сыныптың дастарханы ұлттық тағамдарға толы болды. https://www.instagram.com/reel/C4tI68cIeHy/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Мектеп алаңына арнайы киіз үй тігіліп, таңертең сабаққа келген оқушылар мен ата-аналарға наурыз көже мен бірге қазақтың ұлттық тағамдары ұсынылды. https://www.instagram.com/reel/C4tKKl_oGo6/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/reel/C4uhHoDIUeq/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== Наурыз мерекесіне арналған «КҮЙ КҮМБІРІ» республикалық домбырашылар челленджіне қатысады. https://www.instagram.com/reel/C4vLnKjI4zh/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== Наурыз мерекесіне арналған «КҮЙ КҮМБІРІ» тақырыбында бір уақытта "Келіншек" күйін орындады.

Сонымен қатар, қазақтың ұлттық ойындары «Тоғызқұмалақ», «Бес асық», «Қазақ күресі», «Арқан тартыс» өткізілді. https://www.instagram.com/p/C4vJ_pboAgk/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== https://www.instagram.com/p/C4vNPy1I2uB/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Оқушылар ойындарға бар ынтасымен қатысты. Бұл оқушылардың ұлттық құндылыққа деген көзқарасының ерекше екенін көрсетеді.

**«АР-ҰЯТ» құндылығы.** «Абай армандаған толық адамның үш қасиеті» тақырыбындағы сынып сағатында толық мәліметтер алды. Ақыл - Абайдың тануында ғылым мен құдіреттің баламасы ретінде танылуы себепті, шешуші екі сипаттың балама көрінісі ретінде қаралатыны. Абай «Толық адам» ілімінің басты белгісі деп ақылға ерекше мән бергені. Абай ақылды екіге бөле қарайды:нұрлы ақыл, суық ақыл. Нұрлы ақыл – мән-мағынасы жағынан алғанда, Абайдағы көп таратылған толық адам жөніндегі ой-толғаныстарымен тікелей ұштасатын: Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек,-деген гуманистік дүниетаным аясында берілген күрделі ұғым екені айқын түрде сезіліп тұрғаны туралы өз ойларымен бөлісті. https://www.instagram.com/p/CxnPrbLIa44/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== «Еңбек күні» аясында 6 сыныбында «Еңбек етсең емерсің» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.Тәрбие сағаты барысында еңбек туралы нақыл сөздер, мақал -мәтелдер қолданылып, жағдаяттық мәселелер талқыланды, оқушылар өздерінің пікірлері жіне ойларымен бөлісті. https://www.instagram.com/p/CxnQBA7ojL5/?utm_source=ig_web_copy_link 9-сыныпта "Еңбек-қуаныш, жалқаулық-азап" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағаты талап құндылығын негізге ала отырып өткізілді. Тәрбие сағатына аудандық аурухананың медбикелерін атап өтуге болады. Суванова Г.О, Усенова Т, Р және Т. Уәлиев атындағы спорт мектебінің жаттықтырушысы Зарылханов Д. Т келіп қатысып еңбек етудің, мамандық иесі атанудың сырларымен бөлісті. 8 «а»,8 «ә» сыныптарында https://www.instagram.com/p/Cxm6BsvIlM6/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Еңбек - бәрін жеңбек» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: еңбек - адамгершілік құндылығы туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің адам өміріндегі мәні туралы түсінік беру, еңбек етуге деген қызығушылықтарын ояту, дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. «Адал ұл ер боп туса, ел тірегі» тақырыбында сынып сағаты 1-4 сыныптарда болды. Оқушыларға адалдық туралы қызықты мәліметтер берілді. https://www.instagram.com/p/CxOAAjHIxte/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== «Білімді ұлт – сапалы оқыту

мен отбасы құндылығы..» тақырыбында ата-аналар жиналысы 1-11 сыныптар арасында болды. https://www.instagram.com/p/CxOAVAxo0VF/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
«Еріктілер ұйымы» мектебімізде құрылып, әр түрлі іс-шараларға белсенділік танытып жүр. «Сен жалғыз емессің!» сенім телефоны туралы оқушыларғы ақпараттандыру жұмысы жүргізілді. «Отбасы – бақыт мекені» отбасы күніне арналған іс-шаралар ұйымдастырылды. «Құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында 5-11 сыныптар арасында әңгіме жүргізілді. Мақсаты: білім алушыларға қылмыстың – қоғамға қауіпті әрекет, оның ішінде кәмелеттік жасқа толмағандардың қылмысы, қылмыстық жауапкершілік, оған қолданылатын жаза түрлері, кінәні жеңілдететін, жауапкершілікті ауырлататын жағдайлар туралы толық түсіндіру, құқықтық сауаттылығын арттыру, салауаттылыққа тәрбиелеп, өз әрекеттеріне баға бере білуге баулу. Ата заңымызға деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастырып, шыншыл да әділетті және парасатты тұлғаны қалыптастыру. «Қарттарым – асыл қазынам» тақырыбында тәрбие сағаттары 1-11 сыныптар арасында ұйымдастырылды. https://www.instagram.com/reel/Cx49r2foels/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== Еріктілер қозғалысы қарттарға көмек жасады. «Қарттарым – асыл қазынам» тақырыбында 1 қазан- Қарттар күніне орай мектептің зейнеткерлікке шыққан қарттарына арналған концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Мақсаты: Үлкенді құрметтеп, сыйлауға. Ата дәстүрімізді сақтауға. Өз аталарының ісін үлкенге өнеге, кішіге үлгі ете білуге тәрбиелеу. https://www.instagram.com/reel/Cx7mEa1oaSX/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== Қарттар мерекесіне орай мектепалды даярлық тобында тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: оқушыларға ұлттық қадір-қасиеттер, имандылық, үлкенді қадірлеу, үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсету керектігін түсіндіру. Оқушыларға еңбекті сүюге, Отанымыздың білікті де білімді адал азаматы болуға тәрбиелеу. Қарттар күніне орай 3 сынып оқушылары "Бір кем дүние" атты қойылымын көрсетті. Мақсаты: Жас жеткіншектердің бойына үлкенді сыйлап тыңдай білуге, халқының салт – дәстүрінен нәр алуға, инабаттылық пен мейірімділікке тәрбиелеу. https://www.instagram.com/p/Cx5hoLaI98G/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== Абайдың «Толық адам» ілімін насихаттау бойынша 7-8 сынып оқушылары арасында сынып сағаты өткізілді. «Толық адам» ілімінің тамыры терең, тарихы алыста жатыр. Қазақтың ақыл-ой мәдениетіндегі адамның рухани - адамгершілік кемелдену мақсатын көздеген рухани-танымдық тәжірибесі Абайға дейін де қалыптасқаны туралы айтылды. Абай да осы дәстүрді дамытуға және халқымызды адамшылық, ізгілік жолына бағдарлауға лайықты үлес қосқан тұлға.https://www.instagram.com/reel/C3R_Zq6tv3L/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== Абайдың шығармашылығындағы «толық адам» демек, «рухани кемелденген тұлға» жайлы тұжырымдамасы туралы толық мәлімет алды. «Имандылық – ізгілік негізі» тәрбие сағаты 5-6 сынып оқушылары арасында Буркитбаева Ж., Адильшинова А.К. ұйымдастырды. Абай атамыздың «Адам бойындағы болатын жақсы қасиеттердің барлығы мұсылман дінінен алуға болады. https://www.instagram.com/p/C3R_3BpN6Ly/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== Шыны керек адалдыққа, кішіпейілдікке, имандылыққа, өтірік айтпауға, зорлық - зомбылыққа жасамауға, бірлік пен ынтымаққа, үлкендерді сыйлап құрметтеуге

тәрбиелеудің бірден - бір жолы – мұсылман дінін оқып білу, танысу» деген болатындығы туралы мәліметтер берілді. «Әкесі айтқан нақыл сөз...» сыныптан тыс іс-шараны 7-сынып жетекшісі Аманжол Ә.Б. өткізді. Іс-шара 5 кезеңнен тұрды. Оқушылар мен әкелері қызығушылықпен қатысты. «Тәрбиенің ең тамаша мектебі - отбасы» 1-11 сыныптар арасында ата-аналар жиналысы өткізілді. https://www.instagram.com/reel/CySjs0aorzK/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== «Қоғамға қызмет ет» волонтерлік қозғалыс, қайырымдылық акциялары, флешмобтар, челленджер 8-11 сынып оқушылары арасында өткізілді.

